«Бекітемін»
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу
Университеті
Басқарма Төрағасы - Ректоры
_________ Н.О. Дулатбеков
«2»________ 2026 ж.

**«В030 - Бейнелеу өнері» білім беру бағдарламалары тобы күндізгі оқу нысанына үміткерлері (4 ж.) үшін қабылдау шығармашылық емтихандары БАҒДАРЛАМАСЫ**

Шығармашылық емтихандар оқуға түсушілердің қабілеттерін және шығармашылық бағыттағы мамандықты меңгерудің жеке алғышарттарын анықтауға бағытталған.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламасына түсуші, орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

**1 Дәстүрлі форматтағы процедураның сипаттамасы**

**1 Шығармашылық емтихан – Сурет, кескіндеме 1 (Сурет).**

Талапкерлер сурет бойынша шығармашылық емтиханда 2,5 сағат (астрономиялық) бойы гипс розетканың (бедерлі өрнегі бар тақтаншаның) суретін салу қажет.

**Шығармашылық емтихан тапсырмасы:** гипс розеткасы түріндегі қойылымның суреті.

**Материалдар мен құралдар:** ватман парағы – формат А2, (НВ, Н) графитті қарындаштар өшіргіш, кнопкалар.

**Шығармашылық емтихан тапсырмасының орындалу уақыты:** 2,5 сағат (астрономиялық).

**Сурет пәні бойынша бағалау критерийлері**

1. **43-50 балл.** Кескіннің композициялық, сызықтық-конструкциялық тұрғызылуы қағаз парағының бетінде сауатты және өлшемсайлы орындалған. Қойылымдағы заттың көлемі толық шамада берілген, түпнұсқамен ұқсастығы айқындалған. Нысанның жарықтық-көлеңкелік үлгіленуі мен реңдік шешімі дұрыс орындалған. Гипс розетканың материалдылығы көрсетілген. Кескін тұтастылығымен және аяқталғандылығымен ерекшеленеді.
2. **32-42 балл.** Гипс розетканың композициялық және сызықтық-конструкциялық тұрғызылуы дұрыс шешілген. Кескінделуші нысанның көлемін беру шешімі толық емес, материалдылығын беру жеткіліксіз.
3. **19-31 балл.** Композиция парақ пішімімен өлшемсайлы емес және/немесе бір жағына қарай жылжып кеткен. Гипс розетканың сызықтық-конструкциялық тұрғызылуы дұрыс. Кескіннің реңдік градиацияларының берілуі бұзылған. Материалдылық берілмеген.
4. **5-18 балл.** Гипс розетканың кескінінің қағаз парағындағы композициялық орналасуы дұрыс емес. Кескін берілген қағаз пішімімен өлшемсайлы емес. Кескінделуші нысанның жарықтық-көлеңкелік үлгіленуі жеткіліксіз орындалған.

5. **5 балдан төмен.** Гипс розетка кескінінің қағаз парағындағы композициялық орналасуы қате және онымен өлшемсайлы емес. Кескінделуші нысанның жарықтық-көлеңкелік үлгіленуі дұрыс емес және оның элементтерінің пропорциялық қатынастары бұзылған. Түпнұсқамен ұқсастығы жоқ және оның материалдылығы берілмеген. Суретте тұтастық мен пысықтау жоқ.

**2 Шығармашылық емтихан – Композиция 1**

2. **Талапкерлер композиция 1 бойынша шығармашылық емтихан тапсырады.** Композиция бойынша шығармашылық емтиханда талапкерлер 2,5 сағат ішінде (астрономиялық) ұсынылған пәндерден тақырыптық композиция жасау.

**Шығармашылық емтихан тапсырмасы:** талапкерлер ұсынылған пәндерден тақырыптық композиция жасау.

**Материалдар мен құралдар:** ватман парағы – формат А2, көркем акварельді бояулар, гуашь, (талапкердің таңдауы бойынша )көркем қылқалам (дөңгелек, жұмсақ), суға арналған ыдыс, (НВ) графитті қарындаш, өшіргіш, канцелярлық кнопкалар.

**Шығармашылық емтихан тапсырмасының орындалу уақыты:** 2,5 сағат (астрономиялық).

**Композиция 1 бойынша қабылдау емтиханын балдармен бағалау критерийлері**

1. **43-50 балл.** Композициялық шешім парақ жазықтығымен өлшемсайлы. Кескіннің сызықтық-конструкциялық тұрғызылуы сауатты. Акварель кескіндемесінің құралдары арқылы кескінделуші заттардың көлемдері толықтай берілген, натюрморттық қойылыммен ұқсастығы айқындалған. Композициялық доминанттар мен субдоминанттарды тон мен түс арқылы анықтау Жарық-ауалық перспектива мен заттардың материалдылығы берілген. Түстік және реңдік шешімдері дұрыс. Композицияны шешуде мәнерлеп әртүрлі кескіндеме құралдарын қолдану. Жұмыс жалпы пысықтау кезеңіне дейін жеткізілген. Біртұтас болып көрінеді.
2. **32-42 балл.** Натюрморттың композициялық, сызықтық-конструкциялық тұрғызылуы дұрыс. Түс және жарық-көлеңке құралдарының көмегімен кескінделуші нысандардың көлемін беру шешімі толық емес. Жұмыс нәтижесі жалпы пысықтау кезеңіне дейін жетпеген.
3. **19-31 балл.** Композиция парақ пішімімен өлшемсайлы емес және/немесе бір жағына қарай жылжып кеткен. Натюрморттың сызықтық-конструкциялық тұрғызылуында кейбір қателіктер бар. Кескіндегі реңдік және түстік қатынастардың берілуі дұрыс. Қойылымды пысықтау жасалмаған.
4. **5-18 балл.** Кескіннің өлшемі берілген қағаз пішіміне сай келмейді. Натюрморт порпорцияларында бұрмаланушылықтар бар. Кескінделуші заттардың түстік шешімдері дұрыс орындалған. Кескінде тұтастық жоқ.
5. **5 балдан төмен.** Натюрморт қағаз парағында композициялық тұрғыда дұрыс орналастырылмаған. Кескінделуші заттардың жарықтық-көлеңкелік үлгіленуі мен түстік-пластикалық шешімдері бұзылған. Түпнұсқамен ұқсастық жоқ және кескінделуші заттардың материалдылығы берілмеген. Сыршырайлық жұмыста тұтастық мен пысықтау жоқ.

Минималды балл – 5, максималды балл – 50.

**2 Онлайн форматтағы процедураның сипаттамасы**

**1 Шығармашылық емтихан** – Сурет, кескіндеме 1 **(Сурет).**

Талапкерлер сурет бойынша шығармашылық емтиханда 2.5 сағат (астрономиялық) бойы гипс розетканың суретін салу қажет.

**Бақылау формасы:** On-Line технологияларды қолдану арқылы шығармашылық емтихан.

**Шығармашылық емтихан тапсырмасы:** гипс розеткасы түріндегі қойылымның суреті (ұсынылған торт ракурстардың бірін таңдауға болады). Суреттер Powerpoint презентациясында көрсетіледі.

**Материалдар мен құралдар:** ватман парағы – формат А2, (НВ, Н) графитті қарындаштар өшіргіш, кнопкалар.

**Шығармашылық емтихан тапсырмасының орындалу уақыты:** 2,5 сағат (астрономиялық).

**Шығармашылық емтихан өткізу кезеңдері:**

шығармашылық емтихан – ZOOM (**5053080457. Пароль 1972**) платформасы негізінде өткізіледі.

**1-ші кезең:** ZOOM платформасында онлайн-кездесуді ұйымдастыру.

Шығармашылық емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын талапкер қабылдау комиссиясынан алынған сілтеме бойынша ZOOM бейнеконференциясына қосылуы тиіс.

Талапкер бағдарламаға кірерде міндетті түрде «Аты-жөнін» жазып кіруі керек. Міндетті түрде өзімен бірге жеке куәлігі болуы керек.

Бұл рәсім кезінде талапкер өзінің тегін анық айтып, жеке куәлігін көрсетуі тиіс.

Қабылдау комиссиясының мүшелері талапкерлердің қабылдау комиссиясынан алған тізімдері бойынша қатысуын белгілейді.

Талапкерлер кіріспе нұсқаулық алады және бағалау критерийлерімен танысады.

Талапкер емтихан жұмысы үшін, ұсынылған торт ракурстың тек біреуін таңдауға құқылы.

ZOOM платформасында бір уақытта емтихан тапсырушылардың саны: 60 адамға дейін.

**2-ші кезең:** Шығармашылық емтихан ZOOM платформасында қабылдау комиссиясы мүшелерінің бақылауымен On-Line режимінде 2,5 сағат (астрономиялық) өтеді.

**3-ші кезең:** шығармашылық жұмыстарды тапсыру.

Белгіленген уақыт өткеннен кейін талапкер өзінің шығармашылық қабылдау жұмысын суретке түсіреді. «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» білім беру бағдарламасының талапкерлеріне сурет бойынша шығармашылық жұмыстарын **priem2020_diz@mail.ru** электронды поштаға салу керек.

## Сурет бойынша қабылдау емтиханын баллдармен бағалау критерийлері

1. **43-50 балл.** Кескіннің композициялық, сызықтық-конструкциялық тұрғызылуы қағаз парағының бетінде сауатты және өлшемсайлы орындалған. Қойылымдағы заттың көлемі толық шамада берілген, түпнұсқамен ұқсастығы айқындалған. Нысанның жарықтық-көлеңкелік үлгіленуі мен реңдік шешімі дұрыс орындалған. Гипс розетканың материалдылығы көрсетілген. Кескін тұтастылығымен және аяқталғандылығымен ерекшеленеді.
2. **32-42 балл.** Гипс розетканың композициялық және сызықтық-конструкциялық тұрғызылуы дұрыс шешілген. Кескінделуші нысанның көлемін беру шешімі толық емес, материалдылығын беру жеткіліксіз.
3. **19-31 балл.** Композиция парақ пішімімен өлшемсайлы емес және/немесе бір жағына қарай жылжып кеткен. Гипс розетканың сызықтық-конструкциялық тұрғызылуы дұрыс. Кескіннің реңдік градияцияларының берілуі бұзылған. Материалдылық берілмеген.
4. **5-18 балл.** Гипс розетканың кескінінің қағаз парағындағы композициялық орналасуы дұрыс емес. Кескін берілген қағаз пішімімен өлшемсайлы емес. Кескінделуші нысанның жарықтық-көлеңкелік үлгіленуі жеткіліксіз орындалған.
5. **5 баллдан төмен.** Гипс розетка кескінінің қағаз парағындағы композициялық орналасуы қате және онымен өлшемсайлы емес. Кескінделуші нысанның жарықтық-көлеңкелік үлгіленуі дұрыс емес және оның элементтерінің пропорциялық қатынастары бұзылған. Түпнұсқамен ұқсастығы жоқ және оның материалдылығы берілмеген. Суретте тұтастық пен нысықтау жоқ.

2 Шығармашылық емтихан – Композиция 1

2. **Талапкерлер композиция 1 бойынша шығармашылық емтихан тапсырады.** Композиция бойынша шығармашылық емтиханда талапкерлер 2,5 сағат ішінде (астрономиялық) ұсынылған пәндерден тақырыптық композиция жасау.

**Бақылау формасы:** On-Line технологияларды қолдану арқылы шығармашылық емтихан.

**Шығармашылық емтихан тапсырмасы:** талапкерлер ұсынылған пәндерден тақырыптық композиция жасау. (Ұсынылған төрт ракурстардың бірін таңдауға болады). Суреттер Powerpoint презентациясында көрсетіледі.

**Материалдар мен құралдар:** ватман парағы – формат А2, көркем акварельді бояулар, көркем қылқалам (дөңгелек, жұмсақ), суға арналған ыдыс, (НВ) графитті қарындаш, өшіргіш, кнопкалар.

**Шығармашылық емтихан тапсырмасының орындалу уақыты:** 2,5 сағат (астрономиялық).

**Шығармашылық емтихан өткізу кезеңдері:**

Шығармашылық емтихан – ZOOM (**5053080457**, **Пароль 1972**) платформасы негізінде өткізіледі.**1-ші кезең:** ZOOM платформасында онлайн-кездесуді ұйымдастыру.

Шығармашылық емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын талапкер қабылдау комиссиясынан алынған сілтеме бойынша ZOOM бейнеконференциясына қосылуы тиіс.

Талапкер бағдарламаға кірерде міндетті түрде «Аты-жөнін» жазып кіруі керек. Міндетті түрде өзімен бірге жеке куәлігі болуы керек.

Бұл рәсім кезінде талапкер өзінің тегін анық айтып, жеке куәлігін көрсетуі тиіс.

Қабылдау комиссиясының мүшелері талапкерлердің қабылдау комиссиясынан алған тізімдері бойынша катысуын белгілейді.

Талапкерлер кіріспе нұсқаулық алады және бағалау критерийлерімен танысады.

Талапкер емтихан жұмысы үшін, ұсынылған төрт ракурстың тек біреуін таңдауға құқылы.

ZOOM платформасында бір уақытта емтихан тапсырушылардың саны: 60 адамға дейін.

**2-ші кезең:** Шығармашылық емтихан ZOOM платформасында қабылдау комиссиясы мүшелерінің бақылауымен On-Line режимінде 2,5 сағат (астрономиялық) өтеді.

**3-ші кезең:** шығармашылық жұмыстарды тапсыру.

Белгіленген уақыт өткеннен кейін талапкер өзінің шығармашылық қабылдау жұмысын суретке түсіреді. «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» білім беру бағдарламасының талапкерлеріне сыныраай бойынша шығармашылық жұмыстарын **priem2020_diz@mail.ru** электронды поштаға салу керек.

**Композиция 1 бойынша қабылдау емтиханын баллдармен бағалау критерийлері**

1. **43-50 балл.** Композициялық шешім парақ жазықтығымен өлшемсайлы. Кескіннің сызықтық-конструкциялық тұрғызылуы сауатты. Акварель кескіндемесінің құралдары арқылы кескінделуші заттардың көлемдері толықтай берілген, натюрморттық қойылыммен ұқсастығы айқындалған. Композициялық доминанттар мен субдоминанттарды тон мен түс арқылы анықтау Жарық-ауалық перспектива мен заттардың материалдылығы берілген. Түстік және реңдік шешімдері дұрыс. Композицияны шешуде мәнерлеп әртүрлі кескіндеме құралдарын қолдану. Жұмыс жалпы пысықтау кезеңіне дейін жеткізілген. Біртұтас болып көрінеді.
2. **32-42 балл.** Натюрморттың композициялық, сызықтық-конструкциялық тұрғызылуы дұрыс. Түс және жарық-көлеңке құралдарының көмегімен кескінделуші нысандардың көлемін беру шешімі толық емес. Жұмыс нәтижесі жалпы пысықтау кезеңіне дейін жетпеген.
3. **19-31 балл.** Композиция парақ пішімімен өлшемсайлы емес және/немесе бір жағына қарай жылжып кеткен. Натюрморттың сызықтық-конструкциялық тұрғызылуында

кейбір кателіктер бар. Кескіндегі реңдік және түстік қатынастардың берілуі дұрыс. Қойылымды пысықтау жасалмаған.

4. **5-18 балл.** Кескіннің өлшемі берілген қағаз пішіміне сай келмейді. Натюрморт порпорцияларында бұрмаланушылықтар бар. Кескінделуші заттардың түстік шешімдері дұрыс орындалған. Кескінде тұтастық жоқ.

5. **5 балдан төмен.** Натюрморт қағаз парағында композициялық тұрғыда дұрыс орналастырылмаған. Кескінделуші заттардың жарықтық-көлеңкелік үлгіленуі мен түстік-пластикалық шешімдері бұзылған. Түпнұсқамен ұқсастық жоқ және кескінделуші заттардың материалдылығы берілмеген. Сыршырайлық жұмыста тұтастық мен пысықтау жоқ.

Минималды балл – 5, максималды балл – 50.

**Педагогикалық факультетінің деканы** **С.А. Муликова**